

AQTÓĠAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

№21 (7910)

Жұма
19 мамыр
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Осыдан бір ай ілгеріде мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңес болып өтті.

Ел экономикасының даму барысы айшықталды

Президент сөз басында үлкен саяси науқан – Мәжіліс және мәслихат депутаттарын сайлауға тоқталды. «Үкімет қайта жасақталды. Осылайша, ауқымды саяси өзгерістің алғашқы кезеңі аяқталды дегенге болады. Біз билік тармақтарының тепе-теңдігін орнықтырдық. Енді еліміздегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды қайта құруымыз керек. Жұртшылық бұл реформаға зор үміт артып отыр. Сондықтан, біз нақты іс-шараларға баса мән беруге тиіспіз», - деді президент.

Сондай-ақ, Қ.Кемелұлы жиын барысында әлеуметтік-экономикалық саладағы мақсат-міндеттер айқындалатынын баса айтты. «Мен Парламент сессиясының ашылуында заңнамалық тұрғыдан шешілуге тиіс бірқатар мәселені атап өттім. Ал бүгін әлеуметтік-экономикалық саладағы мақсат-міндеттерді айқындап алуымыз

керек. Үкімет және барлық деңгейдегі әкімдер соған сүйеніп жұмыс істейтін болады. Осы басқосуға мәслихаттардың өкілдері қатысып отыр. Бұл да нақты саяси өзгерістердің нышаны».

Мемлекет басшысы сонымен қатар, «атқарушы және өкілдік билік расында тиімді қарым-қатынас орнату өте маңызды» екенін атап өтті.

«Қажет болса, олар бірін-бірі толықтырып, қолдап отыруы керек. Мұның бәрі мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге

асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ел мүддесін ескере отырып шешім қабылдауға жол ашады» - деді ол.

Президент Үкімет пен атқарушы органдарға азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жол бермеу, агро-өнеркәсіп кешенін дамыту, отандық өндірісті ұлғайту, азаматтардың нақты табысын арттыру, байыпты макроэкономикалық саясат жүргізу, экономиканы монополиядан арылту, инфрокүрылымды одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жаңғырту, азаматтардың сапалы медицина мен білімге қол жеткізуді қамтамасыз ету, табысты жұмыс орындарын ашу, сондай-ақ, мемлекеттік басқару ісін жетілдіру жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

Т.Ахметова,
Ж.Ақбай атындағы мектептің
мұғалімі.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Ел тынысын бағдарлайтын басқосулар

“Қушті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет”, – деп Мемлекет басшысы айтпақшы, билік пен бұқара арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады. Президентіміздің Жарлығына сәйкес облыс, қала әкімдері жылына екі мәрте, ал аудан, ауыл әкімдері тоқсан сайын жұртшылықпен жүздесулері тиіс деген қағидаға сәйкес аудан әкімі Р.Кенжебеков келіп, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Аудан әкімі Руслан Айтықенұлы кіші елді мекен **Ортадересін** станциясының тұрғындарымен есептік кездесу өткізді. Кездесу барысында тұрғындар елді мекенге келетін 4,5 шақырым жол салу мәселесі жөнінде өтініштерін жеткізді. Осы елді мекенде жұмыс жасап отырған “Integra-Construction KZ” ЖШС мекемесі әлеуметтік серіктестік бағытында жол жөндеу жұмысына демеушілік жасап, мәселеге қолдау болатындықтарын білдірді. Аудан басшысы Р.Кенжебеков жақын арада аталған мәселені шешу үшін



тиісті жұмыстар жүргізіп және басқа да көтерілген сұрақтарды өз бақылауына алды.

(Жалғасы 2-бетте).

Агроөнеркәсіп кешені

Қара жерді емгеннің қамбасы толар

Тарих беттерін парақтайтын болсақ Қазақстан – кешегі алмағайып уақытта майдан даласын оқ-дәрімен қатар азық-түлікпен қамтамасыз еткен елдердің бірегейі. Одан кейін де «тың игеру» деген иі қанбаған идеяның салдарынан, эксперимент даласы да болған осы біздің ел. Алтынмен тең бағалы, бармақ басындай болған «арпа, бидайы» экспортқа жөнелтіліп, одақ экономикасының дамуына үлес қосқан.

Сол кездері осы төмем жұртқа танымалы болған, талайдың тандайын қақтырып, қызығушылығын тудырған «Ақтоғайдың ақбидайы» деген болған. Еліміз былай тұрсын Совет ғалымдарының өзі таңданыс білдірген бидай тұқымы көрінеді. Қазір өзі түгід елесіне зәру болған аталмыш бидай тұқымы туралы бір кездері мынандай түсінік берген:

«...Академик Д.Прянишников (1965) өзінің кітабында: «Францияда бидайдың 100 дәні – 4,55 г, Индияда бидайдың дәні – 4,5 г, Америка бидайы – 3,2 г, орыс бидайы 2,25 г, ал Қоңыраттың ақ бидайы



– 6,2 грамм, Қожа бидай – 4,5 г тартады» - деп жазған. Қазір ғалым Удольская осы Қожа бидайдан «Қазақстан 126» атты жаңа сорт шығарды. Осы кезге дейін ақ бидай, шөл бидай, сыр бидай, қызыл бидай сияқты тағы басқа да байырғы бидайдың сорттары кездеседі» дейді Ә.Ізтаев, С.Ермекбаев оқулығында.

Сонымен қатар, Ақтоғайдан түлеп

ұшып, Алматының ұшар басына қонған Алаш жұртына есімі әйгілі Дәуітәлі ақын: «Тоқырауынның ақ бидайы, не

керек,

Бір кездері аты шыққан керемет. Оның өзі бір ертегі, бір аңыз, Сөнбесеніз, ғалымдардан сұраныз» - дейді өз өлең жолдарында.

Міне, осынау деректер Ақтоғай

халқының ертеден егіншілікпен шұғылданғанын айқындайды. Осылай деп жұртшылыққа жар салар болсақ, көбі сенімсіздікпен қарап, иланбауы да мүмкін. Себебі, географиялық орналасуы мен табиғат жағдайына байланысты ауданымыздың солтүстік өңіріндегі жұртшылық қана жер еміп, қамбасын қазынаға толтыратын жайы бар. Ал ауданның оңтүстік-шығыс аумағы жартылай шөлейтті болғандықтан, ол жақтағы ағайын мал шаруашылығына басымдық береді. Өңірде 1300,9 мың гектар жер ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мақсатында қолданылады екен. Оның ішінде 12,4 мың га егістік алқаптардың өншісінде.

Жердің құнарлылығы мен құрамы ескеріліп, біздің өлкеде көбіне қара бидай мен арпа, көп жылдық шөп отырғызылады. Соңғы жылдары егіншілікке бел буып, білек сыбана кіріскен шаруалардың қатары артып келеді. Олар енбек – ата, жер – ана

(Жалғасы 2-бетте).

Ел тынысын бағдарлайтын басқосулар

(Соңы. Басы 1-бетте).

2023 жылдың 17 мамырында аудан әкімі Руслан Кенжебеков Шашубай кентінің тұрғындарымен кезекті есептік кездесу өткізді.

кент әкімі Нариман Мангипевке бірқатар тапсырмалар берілді. Бүгінгі күнде, ауылдарды дамыту мақсатында, ауданымыз бойынша бизнес өкілдерімен, инвесторлармен

Балқаш көлі жағалауында орналасқан Торанғалық ауылы өңіріміздегі бірден-бір туристік аймақ. Мұнда жаз маусымында еліміздің түпкір-түпкірінен дем-

мен шешеміз, жол кедергісін төсеу керек деген ұсынысқа ауыл іші жолдарды көріп тиісті сала басшыларына тапсырмалар берді. Сонымен қатар ауылдағы жөндеуді



әлеуметтік серіктестікте жұмыстар ұйымдастыру бойынша нақты жоспарлар мен бағыттар айқындалып қолға алынуда. Әлеуметтік-экономикалық қолдау туралы келісімі негізінде «QazGeoCom» ЖШС тарапынан Шашубай кентіне арнайы жүк тиегіш техникасы табысталды. Аудан әкімі Руслан Айтықенұлы әлеуметтік серіктестік бағытында жұмыс жүргізетін компанияларға алғысын білдірді. Жоғарыда көрсетілген жұмыстарды күшейтуді тиісті сала мамандарына тапсырып, өз бақылауына алды.

Кент тұрғындарымен аудан басшысының кездесуі Мәдениет үйінде өтті. Өңір басшысы тоқсандық қорытынды есебін берді. Ақпар аяқталған соң, кент тұрғындары Н.Өміршеков, Ф.Жакупов, А.Түкбаева, аудандық мәслихат депутаты Е.Серіков кенттегі жаңа қазандықтың орнын анықтау, халыққа қолайлы жерге көпшілікпен ақылдаса отырып орнатуға ұсыныс жасады. Сонымен қатар, біраз уақыттан бері көтеріліп келе

Жұмыс сапары барысында "Ж.Ақбергенұлы көшесі, 9 үйді қайта қалпына келтіру, құрылыс жұмыстарының" кестеге сай жүруін, көпқабатты Ғарышкер көшесіндегі 2-ші үйдің қасбетін жөндеу жұмыстарының сапасына баса назар аудару және сметалық құжаттарға сәйкес жүргізу жөнінде мердігер "СК Мираж" ЖШС

алушылар көптеп келеді.

Бүгін аудан әкімі Р.Кенжебеков кезекті есепті халықпен кездесуді аталған ауылдық округте өткізді. Есепке жиналған халық ауылдағы бау-бақшаға арналған судың мәселесі туралы, сондай-ақ республикалық деңгейде салынып жатқан автобан жолының ауыл іргесінен өткенімен, елді мекенге бұрылыс жол салыну мәселесі жоғарғы үкіметке жеткізілсе деген өзекті ұсыныстарын жеткізді. Сондай-ақ мектеп жақтағы үлкен жолға жол тосқауылдарын төсеуді сұрады. Тұрғындардың ұсыныс-тілектерін мұқият тыңдаған өңір басшысы сапар барысында су қондырғысы станциясының жұмысын ауыл әкімімен бірлесе отырып конкурс нәтижесі-



қажет етіп тұрған ескі ғимараттарды тез арада ретке келтіруге ауыл әкімі А.Боранға тапсырмалар беріп, таяу күндері қорытынды шығаруды тапсырды.

Тасарал ауылдық округінде өткен есептік кездесуде ауылдағы су қоймасының бұзылып, саймандары ескіргендігі тілге тиек болды. Бұл жұмыстан алдын-ала хабардар өңір

назарда ұстайтын боламыз деді. Сонымен қатар, ауыл маңына таяу тұрған "Зеренше" ауылдық округінің жері тұрғындарға қайтарылып беруін халық талап етті. Бұл мәселеде



өкілдеріне нұсқаулар берілді. Одан әрі кенттің сәулетін алып тұрған бос ғимараттар бойынша абаттандыру ережесіне және қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес иелерімен тиісті жұмыстар атқару туралы

жатқан балықшылардың мәселесін шешіп беруді сұрады. Айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдаған аудан әкімі тұрғындарға тиісті сала басшыларымен бірлесе жауап берді.

басшысы Р.Кенжебеков бөлшек құрылғыларды алу үшін конкурс жарияланып, алдағы аптада ұтып алған мердігер істі қолға алатынын жеткізді. Ал жұмыстың нәтижелі болуын сіздер мен біздер үнемі

де нақты жұмыстар жасалынып жатыр. «Жағымды жаңалық еститін күн қашық емес», – деп аудан әкімі кездесуге келген тұрғындарға алғыс білдірді.

Г.Елүсизова.

Жаңа тағайындау



Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысының 05 мамыр 2023 жылғы № 101-ж бұйрығына сәйкес, департаменттің Ақтоғай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы лауазымына Дүйсетәев Дархан Берікұлы тағайындалды.

Дүйсетәев Дархан Берікұлы

1992 жылы 8 желтоқсанда дүниеге келген. 2011 жылы Қарағанды банк колледжін, 2014 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін тәмамдаған. Алғаш еңбек жолын 2012-2013 жылдары Жезқазған қаласы бойынша салық басқармасынан бастап, 2013-2020 жылдары Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында, 2020-2022 жылдар аралығында Қарағанды облысы бойынша экспорттық бақылау басқармасында, Бұқар жырау ауданы және Шахтинск қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында түрлі жұмыс жасады. 2022 жылдан осы уақытқа дейін ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде қызмет атқарды.

Хабарлама

Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлердің назарына!

Қазақстан Республикасы аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауына қатысатын үміткерлерге «Ақтоғай аяғу» газетінің бетінде баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары жайлы ақпарат. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28-бабының 3-тармағына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары сайлау комиссияларының ақпараттық материалдарын орналастыру үшін және тіркелген кандидаттарға сайлауалды бағдарламаларын, өмірбаянын жариялау үшін шарттық негізде баспа алаңын ұсынады. «Ақтоғай аяғу» газетінде баспа алаңының 1 шаршы сантиметр құны 400 теңгені құрайтынын хабарлайды. Газет алаңында материалдар беру үшін үміткерлер, газет редакциясымен жасалынған жазбаша шарттың негізінде жүзеге асырылады. Аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер сайлау алдындағы үгітті қамтитын материалдарда қаржыландыру көзі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс екенін ескертеміз.

«Ақтоғай аяғу» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы.

Қара жерді емгеннің қамбасы толар

(Соңы.Басы 1-бетте).

екенін айналадағы ағайынға дәлелдеп жатыр. Бір кездері түйір дән себілмей, құр жатқан талыстай жер – қазандай қайнаған еңбек даласына айналды. Шалқар даланың шаңы көкке көтеріліп, екпінмен тау құлатарлықтай алып техникалар күні-түн тынымсыз жұмыс жасауда.

Күні кеше Ақтоғай ауданы әкімінің ауыл шаруашылығы жөніндегі орынбасары С.Амралин және аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Жанабергенов темір тұлпарға тақым артып ертеңгісін егін алқаптарын аралауға іссапарға шықты. Бірінші кезекте басшылық қауым Кежек ауылдық округіне қарасты іргелі шаруа қожалықтардың көшін бастап тұрған «Qazaq meat» ЖШС-не ат басын тіреді. Жолай жоспарға сай жыртылған алқап пен дөңді-дақылдарды себуге арналған үр жаңа «Астра б» техникасын тамашалады. Бұдан кейін шаруа қожалықтың басына барып, сол қожалықтың жетекшісімен жүздесіп, аз-кем сұқбат құрды. Өңгіме барысында биылғы егістік жайы, тұқым сапасы мен жоспар жөні сөз болды. Аталмыш шаруашылықтың жетекшісі Б.Сағындық биыл 150 га жерге арпа, 300 га жерге көп жылдық сұлы егу ісін қолға алғанын айтып өтті. Сонымен қатар, қазіргі уақытта алға қойған жоспарды межелеп қалғанын, трактордың бұзылуы себепті жұмыс тоқтап тұрғанын алға тартты. Бұдан бөлек алдағы уақытта егістік алқабын ұлғайтып, жұмыс өрісін кеңейтуді көздеп отырғанын жеткізді. Бұл сөзге илануға толық негіз бар. Себебі, біз қыстақ басына кіре бергеннен бірінші-бірі өтетін ауыл шаруашылығы техникалары қаз-қатар тізіліп тұрған еді.

Бұдан кейін жол «Мирас» шаруа қожалығына түсті. Біз диттеген жерге жеткенде қожалық жетекшісі «ДТ» тракторының асты-үстіне түсіп, жөндеп жатыр екен. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін бірден келген жөнімізді, аудан орталығынан арнайы ат терлетіп келгенімізді айтып, жай-жапсарды түсіндірді. Қожалық жетекшісі биыл жерінің тозғанынан және техникасының ескіргенінен егін сала алмағанын айтты. Сол арада С.Қабылұлы егістік алқабын екіге бөліп, кезекпе-кезек алмастырып демалту керектігін түсіндірді. Және қазіргі

уақытта ел көлемінде жүріп жатқан жобаның негізінде 2,5 пайыз несиенен лизинг арқылы жаңа техника мен құрал-жабдықтар алуға болатындығын жеткізді. Ұлы сөске сөтінде С.Амралин бастаған топ С.Сағыбалдин жетекшілік ететін «Тәуекел» шаруа қожалығына барып, жұмыс жайымен таныстық.



Аталмыш қожалықтың мүшелері едәуір жерге тұқым сеуіп, астарын алдына алып, тыныстап отыр екен. Осынау салаға жауапты басшылық бұған дейінгі шаруалармен өрбіткен өңгіме тектес аз-кем сұқбаттасты. Егістік жайы сұралды. Осылайша түс ауған шақта Жидебай ауылдық округіндегі іс-сапар аяқталып, өрмен қарай Қызыларай ауылдық округіне бет бұрды.

Бір сағаттың мұғдарында Қызыларай ауылына табанымыз тиіп, ауылдай С.Спановтың жол бастауымен «Ерасыл» шаруа қожалығының жетекшісі А.Мажманованың егістік алқабына аялдадық. Шаруашылық басында Е.Нұртазиннің өзі жұмыс барысын қадағалап жүр екен. Қазіргі уақытта аумағы 200 га жерге арпа-бидай егу жұмысымен шұғылданып жатыр екен. Осы іспен шұғылданбас бұрын агрокәсіптің темірқазығына айналған Қостанай облысына арнайы барып, егістік жұмысын жан-жақты зерттеп-зерделеп келгенін айтты. Сонымен қатар, сол өңірден дөңді-дақыл тұқымын себуге арналған құрылғы әкелгенін алға тартты. Кәсіпкер ағамыз әлдеқалай бос жатқан жерлер болса сол араға егін егуге пейілді екенін аңғартты. Сөз соңында аудан әкімінің орынбасары С.Қабылұлы көтерілген мәселенің барлығын назарда ұстайтынын жеткізді.

Е.АЙТЖАН.

2023 жылдың 18 маусым айына тағайындалған Тасарал ауылдық округі әкімі сайлауын ұйымдастыру және өткізу бойынша ХАБАРЛАМА

Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері:

Райымбеков Жанболат Жанатбекулы – төраға, Каримхан Қуанышбек Окенұлы – төрағаның орынбасары, Садуақасова Меруерт Дартайқызы – хатшы, Сейлханов Носергали Сейдығалиұлы – комиссия мүшесі, Сейсенбаева Асем Сайлаубековна – комиссия мүшесі, Сейсекеева Мейрамгуль Сергейқызы – комиссия мүшесі, Едебекова Гульнур Казтайқызы – комиссия мүшесі.

Байланыс телефондары:

8(71037) 2-11-67

Сайлау комиссиясының орналасқан жері: 100200, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4.

Ақтоғай ауданы Тасарал ауылдық округі №481 учаскелік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жері:

Сайлау учаскесі: № 481

Сайлау комиссиясының құрамы:

Балтышева Галия Арыновна – төраға, Ақашев Жарқын Каримович – төраға орынбасары, Сақимбаева Шугыла Омирбаевна – хатшысы, Нурмағанбетова Жаксыгуль Ертаевна – комиссия мүшесі, Аймағанбетова Эльвира Мейрамовна – комиссия мүшесі.

Сайлау учаскесінің орталығы: Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылы, Ағыбай батыр көшесі, 5. Клуб үйі.

Ақтоғай ауданы Тасарал ауылдық округі № 481 сайлау учаскесінің шекаралары:

Сайлау учаскесінің орталығы: Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылы, Ағыбай батыр көшесі, 5. Клуб үйі.

Сайлау учаскесінің шекарасы: Тасарал ауылы бойынша Жастар көшесіндегі № 1, 1/1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 үйлер, Орталық көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9/1, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 20 үйлер, Жағалау көшесіндегі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 14, 15, 16 үйлер, Ағыбай батыр көшесіндегі № 1, 2, 6, 10, 10/1, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 үйлер және Ақжолтай, Байдәулет, Жолдан, Оңбай, Асыл қыстақтары.

Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

Қиындықтар мойытпасын сендерді,



Құрметті мектеп бітіруші **Ғалым Акерке Фибратқызы!**

Сені өмірдің үлкен белесі, бойыңа білім нәрін күйған, болашаққа жарқын жол сілтеген алтын ұя мектебінді бітіруіңмен шын жүректен құттықтаймыз! Денің сау болып, алдағы үлкен сынақтан сүрінбей өтуіңе тілектеспіз. Әрқашан атар тандарың арайлы болып, аңсаған арман-тілектерің орындала берсін. Еліміздің елулі, халқымыздың қалаулы азаматшасы болуыңды тілейміз. Әрдайым құшағың гүлге, қадамың нұрға толсын!

Құнды-қымбат барлық байлық алтыннан, Сен өзгердің бүгін бала қалпыңнан. Азамат бол, ел сыйлаған тұлға бол, Мақсатыңа жетіп биік талпынған.

Ізгі тілекпен: құда-құдағың – Жанболат-Марзия, апа-жеден – Берікжан-Жұлдыз, бауырың – Айбат.



Құрметті мектеп бітірушілер **Ғалым Акерке Фибратқызы, Ғалым Гүлназ Физатқызы!**

Мектеп қабырғасынан түлеп ұшып, үлкен өмірге аттаған қадамдарың құтты болсын! Сіздерге мықты денсаулық, талмас қанат, алдағы алар асуларына ақ жол тілейміз. Сынақтардан ойдағыдай өтіп, жоғарғы оқу орнына оқуға түсіп, таңдаған мамандықтарыңның мықты маманы, кәсіпқойы болыңдар! Әрдайым ата-аналарыңның үмітін ақтап, алдарыңнан күтіп тұрған жана өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өтулеріңе тілектеспіз. Әр атқан тандарың жақсылығы мен берекесін сыйлап, бақыт құсы бақтарыңда мәңгі қалықтасын. Алға қойған арман биігінен көрініп, біздің мақтаныштарымыз болыңдар!

Сұңқар болып самғандар биіктерге, Құт дарысын, бақ қонып өздеріңе. Арманның асқарына құлаш сермеп, Толы болсын өмірлерің жеңістерге!



Ақ ниетпен: Ибраевтар әулеті.

Құрметті мектеп бітіруші түлек **Мекен Ерасыл Еркебұланұлы!**

Сені алтын ұя мектебіңмен қоштасқан соңғы қоңырау салтанатымен шын жүректен құттықтаймыз! Өмірің сәттіліктерге толы болып, ақ армандарың алға жетелеп, мақсаттарың орындалсын. Алдағы жүрер жолдарың ашық болып, маңдай жұлдызың жарқырап, қатарыңның алды бол Жүзіңнен күлкі кетпей, ата-ана, туған-туысыңның көз қуанышы болып жүре бер. Өмір деген аламанды тұлпарыңның тұяғы тозбай, сұңқарыңның қияңы талмай, биік белестерден көріңе бер. Аңсаған мамандығыңа қол жеткізіп, қатарыңның алды бол.

Арманға қадам бастың, Келешек тосқан бәрің. Басып тұр ең алғашқы, Үлкендік баспалдағың.

Ақ тілекпен: көршілері – Күлмайра тәте, Мәрия тәте, Мұқарам-Кәмел, Кенгай-Бақша, Тәбәрік-Оркен, Жанар, Ернат-Мәншүк, Фибрат-Лаура, Нұрхан-Балжан, Ерлан.



Құрметті мектеп бітіруші түлектер **Мекен Ерасыл Еркебұланұлы, Жанқабалов Абылай Ержанұлы, Нұрман Рахым Асхатұлы, Тишжан Айзат Нұрланқызы, Нұрмағанбет Ақбота Нұрбекқызы!**

Сіздерді мектепті бітіріп, үлкен өмірге жолдама алған соңғы қоңырау мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Алдағы талай асу-белестерді бағындырып, сынақтан сүрінбей өтіп, жұлдыздарың жансын деп тілейміз. Келешектеріңіз кемел, болашақтарыңыз жарқын, жолдарыңыз ақ, бағыттарыңыз түзу болсын! Сәт-сапар тілейміз.

Соңғы қоңырау мерекесі құтты болсын, Денсаулық бәріңнен де мықты болсын. Көңілдерің гүл көктемдей шуақ шашып, Ортамыз өздеріңмен толып жүрсін.

Ақ тілекпен: Сербол-Эльвира, Талғат-Сымбат, Ерлік-Назираш, Сәулет-Саягүл, Айдос-Ризбангүл, Аманғазы-Дария, Кенес-Сандұғаш.



Құрметті бүлдіршіндер **Нұршат Ерлікқызы, Ерасыл Еркебұланұлы!**

Сендерді алтын ұя мектептеріңмен қоштасу сәтін паш еткен соңғы қоңырау салтанатымен құттықтаймыз!

Болашаққа қанат қағар сәтте алдыларыңда тұрған сынақтардан сүрінбей өтіп, армандаған армандарыңа, көздеген мақсаттарыңа жетіңдер. Өмірдің сан тарау жолдарыңда биік белестерден көріңдер. Осы ақжолтай сапарларыңда білімнің биік шыңына шығып, болашақтарыңнан үміт күтіп отырған ата-аналарың мен ұстаздарыңның сенімін ақтаңдар.

Сұңқар болып самғандар биіктерге, Құт дарысын бақ қонып өздеріңе, Арманның асқарына құлаш сермеп, Толы болсын өмірлерің жеңістерге.

Ізгі ниетпен: Асан, Олжабай, Өміртай, Көкең, Болат, Сүйіндік, Дәулет, Еркебұлан Р, Жанболат, Қуаныш, Қуанышбек, Руслан, Бекайдар, Нұрсұлтанның отбастары.

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті **Нұрман Рахым Асхатұлы!**

Сені адам өмірінің айтулы белесі – мектеп бітіру қуанышыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Денің сау, шаттық-қуанышың мол болып, мақсат-тілектеріңе жете бер. Қалаған мамандық иесі болып, бақыттың төрінен, биік шыңдардан көріңе беруіңе тілектеспіз. Өмір жолыңдағы әрбір қадамдарың сәтті болсын! Ақ жол тілейміз. Әрдайым жүзің нұрға, өмірің жырға толып, келешегің кемел, болашағың нұрлы болсын. Ата-ананың көз қуанышы бол!

Балалығың өтті, міне, байқалған, Нұры болғын шаңырақтың жайқалған. Алда арман, асуларға жете бер, Қабыл болып ақ тілектер айтылған.

Тілек білдірушілер: Серікбол, Талғат, Оразбайдың отбастары.



Құрметті мектеп бітіруші түлектер **Хамит Нұршат Ерлікқызы, Мекен Ерасыл Еркебұланұлы!**

Сендерді мектеп бітіру қуаныштарыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Тарыдай боп кірген мектептен таудай болып, жаңа өмірге қанат қағып барасыңдар. Бұл күн сендердің өмір атты ұлы дарияның ақ желкеніне ілесіп, өз мақсаттарыңа бет алған өмірлеріңдегі ұмытылмайтын аяулы да кимас сәт болып отыр. Осы ақжолтай сапарларыңда білімнің биік шыңынан көріңе беріңдер, алдарыңда тұрған сынақтардан сүрінбей, болашақтарыңнан үміт күтіп отырған туған-туыс, бауырларыңның сенімін ақтап, білікті, білімді, парасатты адам болыңдар, қанаттарың талмасын демекпіз.

Өмір-өзен аямасын сый-нұрын, Сендер үшін ерекше ғой күн бүгін. Мектепкеңе қоштасарда соңғы рет, Шашайықшы әсем әуен, жыр-гүлін!

Құттықтаушы: Аманбай Жасұланның отбасы.

Біздің ерке бауырымыз **Данияржан!**

Біз сені бүгінгі мектеп бітіруіңмен шын жүректен құттықтаймыз. Саған тілейтініміз армандаған оқу орнына түсіп аңсаған мақсаттарыңа жет. Бағындырар белестерің көп болсын. Ата-әжеңнің және біздің үмітімізді ақтайтыныңа біз сенеміз. Көздеген мұрат-мақсаттарыңа қол жеткізіп, армандарың орындалсын. Келешегің кемел, болашағың нұрлы болсын. Жұртқа жұғымды, елге сүйкімді қалпыңнан айнымай, алда талай асу-белестерді бағындыра бер. Нұрлы жол, думанды шақ тілейміз.

Өмірден енді дәріс ал, Біліммен ойды қоса ұштап. Самғауға інім барын сал, Қанатың болсын аттестат.

Ізгі ниетпен: аға-жеңгелерің – Аян-Бота, Думан-Айнұр және қарындасың – Айару.

Батылдықпен асыңдар сан белдерді




Құрметті Саматов Данияр!

Сені бүгінгі мектеп бітіруіңмен шын жүректен құттықтаймыз. Балам, бүгін үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасың, биіктерге шырқа. Жоғарғы оқу орнына түсіп, студенттік дәуірді қызықты өткізіп, абыроймен бітіруіңе тілектеспіз. Таңдаған мамандығыңның мықты маманы, кәсіпқойы бол. Мектеп өмірі артта қалды, алдында күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіңді тілейміз.

Мектепті, балам, бітірдің,
Самғатты қиял ғарышқа.
Қанаты арман құсының,
Апарсын сені алысқа.

Ақ тілекпен: ата-әжесі – Самат-Қарлығаш, мамасы – Гүлнұр.



Үкілі үмітіміз Нұрмағанбет Ақбота Нұрбекқызы!



Сені алтын ұя мектепті бітіруіңмен құттықтаймыз.

Күні ертең сенің алдыңнан өмірдің үлкен жолдары ашылмақ, сол биік белестерді сен өзіңнің біліміңмен, ақылыңмен, талантыңмен бағындыра біл. Біз саған сенеміз. Алдағы уақытта қалаған мамандығына қол жеткізіп, өмірден өз орнында табуына тілектеспіз. Күндей күлімдеген жүзіңнен қуаныш күлкісі кетпей, біздің мақтаншымыз болып, мерейімізді асырып жүре бер.

Ұзап шығып тәлім алған ұядаң,
Уақыт келді қанат қомдар қияға.

Жолың болып мына өмірде әрқашан,
Тәңірімің күтіп тұрсын сыйы алдан.

Ақ тілекпен: әжесі – Күлмария, Нұрбол-Панара, бауырлары – Аяла, Әлихан.



Құрметті жас түлек Саматов Данияр!

Міне бүгін мектеп бітіріп, өміріндегі әлі де көп кездесетін қиын-қиын белестердің бірінен аттап, болашаққа сәтті қадам бастадың. Осы қадамың құт-берекеге толы болсын. Сен тайға мініп шапқанда үйде отырып тақымдарың қысып, уайымға салынған ата-әжең, анаңның үмітін әлі де ақтап, олардың алдындағы

парызды ұмытпа, балам. Болашағың жарқын болсын. Талпына бер, қанатың талмай қалықтай бер!

Тілек тілеуші: құда-құдағи – Рымхан-Сабилә, әпке-жездең – Ақнұр-Айнұр, қарындасың – Акерке.



Құрметті жас түлек Сағадиева Жансая Сәбитқызы!



Сені бүгінгі өмір айдынына аттанғалы тұрған мерекелі күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Өмірдің кіші белесіңнен өтіп, данғыл жолына қанат қақтың. Әмсе алдыңнан болашақтың ақ таңы күліп атып, арман-қанатың қияларға жетелесін. Саған тек қана мықты денсаулық, сәтті сапар, мерейлі мақсат тілейміз. Аспаның ашық болсын! Мектепті жақсы бітіріп, жоғары оқу орнына түсіп, биік белестерден көріне бер. Нұрлы жол, думанды шақ тілейміз. Кеудені күн орнасын. Шаңырағыңның шуағы бол. Жұлдызың жансын.

Білімді басқа жастадың,
Ғылымды іздеп үніліп.
Өмірге сапар бастадың,
Алдында күліп тұр үміт.

Ігі тілекпен: анаңның әріптестері «Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» ұжымы.

Құрметті де сүйкімді Құрманбай Алтынай Тілекқызы!



Балдәурен шақтың балауса қызығын өткізген, бойына білікті білім мен тәлімді тәрбие жинаған мектеп-анадан түлеп ұшатын кез келді. Осыдан он бір жыл бұрын мектептің кәсіпкерлігі табылдығын имәе аттасаң, бүгін білім нәрімен сусындап, топшыңды бекіттің. Өмір айдынында қанат қағып, жарқын болашағына салған сүрлеу-соқпақта аңсаған арманыңның орындалуына, денің сау болып, ата-ананың үкілеген үміті ақталып, қалаған мамандықтың иесі атануына шын жүректен тілектеспіз.

Арманыңның мініп үміт кемесін,
Қанатыңды қияларға кересін.
Бағындырып білім шыңын ертең-ақ,
Еңбегіңнің жемісін де тересін.

Ақ тілекпен: маманың бөлелері Төлугүлөвтер отбасынан.

Құрметті құлыншағымыз Ерасыл Еркебұланұлы!



Алтын ұя мектебіңмен қоштасып, үлкен өмірге басқан қадамың сәтті болсын. Бұл күн сенің өмір атты дарияның ақжелкеніне ілесіп, өз мақсатыңа бет алған өміріндегі ұмытылмайтын аяулы да қимас сәт. Алдыңнан ақ таңдарың күліп атып, әр күнің жақсылықпен, қуанышпен өрілсін. Деніңе саулық, ашық аспан бақытты өмір тілейміз. Мақсат-мұраттарың орындалып, ақылды да парасатты азамат болып қалыптасып, асқар шыңдарды бағындыр. Алтын ұя мектебіңнен алған білімің азық болып, сен де бір кірпіш дүниенің кетігін тауып қалануына тілектеспіз.

Қуаныштан бұлқынады жас жүрек,
Ақ жолыңа арнадық біз ақ тілек.
Армандарға алыстағы жете бер,
Қадамың құтты болсын, жас түлек!

Ақ тілекпен: Игембаев және Байдүйсеновтер әулеті.

Құттықтаймыз!



Сарышаған кентінің тұрғыны, «Алтынхан» шаруа қожалығының жетекшісі, ауылымыздың атымтай жомарты, қадірлі ақсақалы **Ракишев Төкенті** мамыр айының 21-ші жұлдызында толатын 80 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 80 жасқа толу мерейтойыңызбен құттықтай отырып, сізге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға құт-береке тілейміз. Алланың нұрын тілейміз. Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болсын. Немере-шөберелеріңіз көбейіп, ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көре беріңіз.

Азаймасын бұл жаста қажыр-қайрат,
Ғұмыр жатсыншы жолы сайрап.
Армандардың асуы алыстамай,
Жүріңізші әрқашан күліп-ойнап.

Ақ тілекпен: Сарышаған кенті әкімінің аппаратының ұжымы.



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті Бақшагүл Жақыпбекова!

Сені 60 жасқа толған төл мерекеңмен шын жүректен құттықтаймыз. Асқаралы алпыс жасқа толып жатқан қадірлі бауырымызға мына өмірдің мағыналы да мерейлі бел-белестерін тілейміз. Жолдасың

Болат екеуің бала-шаға, немере-шөберенің ортасында ойнап-күліп, қызық-қуаныштарына тоймай, әрдайым бақытты да баянды ғұмыр кешіңдер. Мықты денсаулық, өнегелі өмір, гибратты ғұмыр тілейміз.

Мерейтой сыйлай берсін мерекені,
Арай бағын, баянды берекені.
Бітпесін шарапаты жақсылықтың,
Орындалсын жүректің ақ тілегі.

Ігі тілекпен: Жақыпбековтер отбасы.



Құрметті Бақша Мәжикенқызы!

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Өмірдің бар бақыты мен жақсылығын, мерекесі мен берекесін тілейміз. Адам өмірінің ең елеулі күндерінің бірі – туған күніңізде сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, жанұялық бақыт, асыл ойларыңыздың орындалуына, шаңырақтан той-думан арылмауына тілектеспіз. Бар бақытты отбасыңызға нәсіп етсін. Алла берген ұрпақтарыңызбен тамырын тереңге жайған бәйтеректей жапырақтарыңыз жайқала берсін. Шаңырағыңыз шаттыққа бөленіп, ғұмырыңыз гибратқа, әр күніңіз тек жақсылықтарға толы болсын.

Жақсылықпен таңдар атсын мерейлі,
Нұрын төгіп көктегі күн шырайлы.
Шаңырақтың шаттығына шуақ боп,
Сіз жүріңіз, аман-есен, айдай сұлу арайлы.

Ігі ниетпен: апаң – Гүлсім, жиендерің – Ергазы-Айнұр, Абзал-Жазира.



Құрметті Бақша Мәжикенқызы!

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз. Сіз осынау саналы ғұмырыңызда отбасыңызға адал жар, бала-шағаңызға аяулы ана, немерелеріңізге сүйікті әже бола білдіңіз. Ата-бабаңыздан қалған қарашаңыраққа дана келін, ағайын-туысқа сыйлы да қамқор бола білдіңіз. Айналаңыз қуаныш пен шаттыққа, бақыт пен табысқа толсын. Ағайын-туыстарыңыз бен бауырларыңыздың құрметіне бөленіп отбасыңыздың ортасында толған айдай жарқырап отыра беріңіз.

Мерейтойдан құлпырып,
Бөленіңіз бақытқа.
Бұл алпыс жас бөлесін,
Таусылмайтын шаттыққа.

Ізгі тілекпен: Нұрзия, Зәуреш, Әлия, Марлен-Бота, Гүлшат, Файнолла-Саламат, Нұргелді-Индира, Марғұлан-Сәулә, Бекзат-Мая, Жанболат-Айзат.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі. «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында 2023 жылдың 19 маусымында сағат 15.00-де конкурс өткізіледі. Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4.

№	Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ манайы, жер учаскесінің лот №)	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы	Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы	Алқаптардың құрамы, оның ішінде				Орташа балл бонитеті	Сумен қамтамасыз етілуі	Өзге де
				Егістік	Шабандық	Жайылымдық	Басқа алқаптар			
1	Қусақ ауылдық округі лот №84	Мал шаруашылығы	1179,4446	15 жыл			1131,3446	45,5000	7	Қамтамасыз етілмеген
2	Абай ауылдық округі лот №85	Мал шаруашылығы	471,0000	15 жыл			470,0000	1,0	8	Қамтамасыз етілмеген
3	Айыртас ауылдық округі лот №87	Мал шаруашылығы	2554,3370	15 жыл			2547	1,3370	9	Қамтамасыз етілмеген
4	Қарабұлақ ауылдық округі лот №88	Мал шаруашылығы	1520	15 жыл			1514,3000	5,7000	7	Қамтамасыз етілмеген
5	Сарытерек ауылдық округі лот №94	Мал шаруашылығы	2014,0747	15 жыл			2003,5000	0,0747	7	Қамтамасыз етілмеген
6	Қызылжар ауылдық округі лот №95	Мал шаруашылығы	387,8912	15 жыл		15,7000	370,9912	1,2000	9	Қамтамасыз етілмеген
7	Қусақ ауылдық округі лот №96	Мал шаруашылығы	1700,0209	15 жыл			1696	0,0209	8	Қамтамасыз етілмеген
8	Жер қоры лот №97	Мал шаруашылығы	2500,0100	15 жыл			2494,6000	0,0100	7	Қамтамасыз етілмеген
9	Жидебай ауылдық округі лот №98	Мал шаруашылығы	306,7245	15 жыл			306,7145	0,0100	9	Қамтамасыз етілмеген
10	Жер қоры лот №101	Мал шаруашылығы	638,0329	15 жыл			636,1000	1,0329	6	Қамтамасыз етілмеген
11	Жер қоры лот №102	Мал шаруашылығы	2000	15 жыл			1761,6000	234,4	5	Қамтамасыз етілмеген
12	Жер қоры лот №59	Мал шаруашылығы	1900,0300	15 жыл			1896,4000	0,0100	8	Қамтамасыз етілмеген
13	Абай ауылдық округі лот №5	Мал шаруашылығы	2499,9920	15 жыл			2494,00	0,0009	7	Қамтамасыз етілмеген
14	Жер қоры лот №42	Мал шаруашылығы	3604,2280	15 жыл			3600,00	4,2280	6	Қамтамасыз етілмеген
15	Жер қоры лот №43	Мал шаруашылығы	3063,7150	15 жыл			3061,00	1,50	5	Қамтамасыз етілмеген

ЕСКЕРТПЕ:

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) Конкурсқа қатысуға арналған өтінім; 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурстық ұсыныста:

Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылық дақылдарын өңдеу-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);

2) Шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды,

фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап, күнтізбелік отыз күн өткен соң, 2023 жылғы 29 мамырдан бастап, 2023 жылдың 16 маусым 15 жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 8710-37-2-12-92; 2-13-83 алуға болады.

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» извещает список не сыгранных лотов в предыдущем конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

ГУ «Аппарат акима Ақтоғайского района» проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения сельскохозяйственного производства, который состоится 19 июня 2023 года 15.00 ч., по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Ақтоғай, улица Ә.Бөкейхана, 4 здание акимата района, малый актовый зал.

№	Направление от ближайшего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйственная специализация региона	Общая площадь срок аренды, лет	Сельхоз угодий в т.ч				средний балл бонитета	Водообеспеченность	Другие
				Пашня	Сенокосы	Пастбища	Другие угодия			
1	Кусацкий сельский округ лот №84	Для животноводства	1179,4446	15 год			1131,3446	45,5000	7	Наобеспечен
2	Абайский сельский округ лот №85	Для животноводства	471,0000	15 год			470,0000	1,0	8	Наобеспечен
3	Айыртасский сельский округ лот №87	Для животноводства	2554,3370	15 год			2547	1,3370	9	Наобеспечен
4	Қарабулакский сельский округ лот №88	Для животноводства	1520	15 год			1514,3000	5,7000	7	Наобеспечен
5	Сарытерекский сельский округ лот №94	Для животноводства	2014,0747	15 год			2003,5000	0,0747	7	Наобеспечен
6	Қызылжарский сельский округ лот №95	Для животноводства	387,8912	15 год		15,7000	370,9912	1,2000	9	Наобеспечен
7	Кусацкий сельский округ лот №96	Для животноводства	1700,0209	15 год			1696	0,0209	8	Наобеспечен
8	Земли запаса лот №97	Для животноводства	2500,0100	15 год			2494,6000	0,0100	7	Наобеспечен
9	Жидебайский сельский округ лот №98	Для животноводства	306,7245	15 год			306,7145	0,0100	9	Наобеспечен
10	Земли запаса лот №101	Для животноводства	638,0329	15 год			636,1000	1,0329	6	Наобеспечен
11	Земли запаса лот №102	Для животноводства	2000	15 год			1761,6000	234,4	5	Наобеспечен
12	Земли запаса лот №59	Для животноводства	1900,0300	15 год			1896,4000	0,0100	8	Наобеспечен
13	Абайский сельский округ лот №85	Для животноводства	2499,9920	15 год			2494,00	0,0009	7	Наобеспечен
14	Земли запаса лот №42	Для животноводства	3604,2280	15 год			3600,00	4,2280	6	Наобеспечен
15	Земли запаса лот №102	Для животноводства	3063,7150	15 год			3061,00	1,50	5	Наобеспечен

ПРИМЕЧАНИЕ:

Заявка на участие в конкурсе физических и юридических лиц по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) Заявка на участие в конкурсе; 2) конкурсные предложение;

Конкурсное предложение должно содержать:

Бизнес план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовие сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) Обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) Обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных

требований.

Конкурсное предложение предоставляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц.

Прием регистрация и заявок на участие в конкурсе проводится по истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса от 29 мая 2023 года до 16 июня 2023 года.

Извещению землеустроительных схем сельскохозяйственных угодий выставляемых на конкурс можно прочитать на интернет-ресурсе местных исполнительных органов и специальных информационных стендах сельских округов и ГУ отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района Карагандинской области.

Полную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района». Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83.

Артық болмас білгенің!

Көзіңіздің көруін қандай дәрумен жақсартады?

Көзіңіздің көруін жақсарту үшін А витамині бар өнімдерді көптеп тұтыну қажет. Бұл витаминді күнделікті тұтынсаңыз, көздің ылғалдануы бұзылмайды, кез қабынбайды. Сонымен қатар, А витаминінің басқа да пайдасы зор.



А витамині жетіспесе тері құрғап, жарылып, түсі күңгірттеді. Май бездерінің құрамы өзгереді, көздің қысаң қабығы бұзылады. Соның салдарынан адам іңірде, түнде нашар көреді. Бұл ауруды ақшам соқыр деп атайды. А дәруменінің ағзаға қажетті тәуліктік мөлшері 2,5-10 мг. Ендеше, көздің көру қабілетін жақсарту үшін мына өнімдерді тұтынғаныңыз жөн: Қызанақ. Аз калориялы көкөністің құрамында А дәруменімен қатар басқа да витамин мен минерал көп. Мускусты қауын. Қауынның бір тілімі А витаминінің тәуліктік санын 120%-ға арттырады. Сирь бауыры. Құрамында С және А витаминімен қатар темір де өте көп. Сонымен қатар бауырда калория мен май

аз. Шабдалы. Темірге, магнийге, фосфорға, кальцийге, калийге, сондай-ақ, С және А дәруменіне өте бай. Қызыл бұрыш. С және А дәруменімен қатар құрамында ликопин бар. Күркетауық бауыры. Бұл өнімнен 100 г жесеніз, А витаминін тәулігіне

қажетті мөлшерден 1500%-ға дейін арттырады. Манго өте дәмді, шырынды және сергіткіш жеміс. Сұлы. А дәруменін ағзаға 29%-ға артық ұсынады. Сәбіз. А витаминінің, сондай-ақ, В және С витаминдерінің қайнар көзі. Бұл өнімдерде А витамині көп. Егер, көзіңіздің нашар көре бастағанын байқасаңыз, ас мәзіріңізге жоғарыда көрсетілген тағамдарды міндетті түрде қосыңыз. Сонымен қатар А витаминін шамадан тыс көп тұтыну – сүйектің жұмсартуына, сынғыштығына, яғни, адамның остеопорозға шалдығуына себепкер болуы мүмкін. Сол себепті шамадан көп тұтынбағаныңыз да жөн. Кеңесіміз керегіңізге жарасын.

Материал ғаламтордан алынды.

Құрметті аудан тұрғындары!

Аудандық «Aqtogai ajary» газеті редакциясында 3*4, 5*6, 10*15, А4, А3 форматтағы түрлі-түсті фотолар, отбасылық күнтізбелер, алғыс хаттар, мадақтамалар, буклеттер, тойларға шақырулар, т.б. тапсырыс бере аласыздар!



Еске алу

Адал жар, ардақты әке, кимас бауыр, ақ көңіл дос болған **Игембаев Сәбит Аманбайұлы** ортамызда болғанда бүгінде дүркірегіп 60 жас мерейтойын тойлар едік.

Уақыт пен өмір шіркін адам баласының ырқына көнбейді екен. Керісінше өз дегенін қылады. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін әзіл-қалжыны есімізде. Тек қолдан келері о дүниедегі орны пейіштің төрі болып, кабірі нұрға толсын деп дұға бағыштау. Жазмышқа не шара? Бұл жалған кімдерге тұтқа, кімдерге мәңгілік мекен болды дейсіз? Қолдан келер қайран болса, қылып бағар едік. Топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта орын алсын.

Басқалардан ерекше еді сол бір кейпің,
Мен сені бар ғаламға теңейтінмін,
Нар тұлғадай азамат ең үлгі егер,
Бойыңнан бір кемшілік көрмейтінмін.

Еске алушылар: **Игембаев және Байдүйсеновтер әулеті.**



Еске алу



Адал дос, аптал азамат **Игембаев Сәбит Аманбайұлы** көзі тірі болғанда мамыр айының 20-сы 60 жасқа толар еді. Тіршілігінде азаматтығымен айналасына шапағатын тигізіп, жанашыр, қамқор болған асыл достың ұрпағына өмір берсін. Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Талай жыл қызықты да думанды күндерді бірге өткізген құрдасымыздың орны бөлек еді. Сырымыз да, жырымыз да бір болған досымызбен арамыздағы сыйластығымыз, әзіл-қалжынымыз жарасқан сол бір дәуренді кимастықпен, сағынышпен еске аламыз. Досымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Артында қалған ұрпақтарының ошақтары мәңгілік болсын.

Өкінеміз тым ертерек кетті деп,
Көп арманға жете алмай кетті деп.
Жаратқаннан сұранамыз енді тек,
Жатқан жері жұмақ болған деп тілеп.

Еске алушылар: **Махат, Саят, Рымбек, Бауыржан, Еламан, Ғабит, Алтын, Қайрат, Дулат М., Дулат К.**

Еске алу

Ақтоғай ауданы, Сәуле ауылы Қ.Нұржанов атындағы мектепті аяқтап, алтын ұя мектебімізбен қоштастанымызға да 5 жыл толыпты. Үлкен өмірге қадам басып, әрқайсымыз қиял жетегінде жан-жаққа қанат қақтық. 2018 жылғы түлектер дүниеден мезгілсіз кеткен сыныптасымыз **Белдібайқызы Дулатты** сағына еске аламыз. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін аяулы досымыздың әдемі келбеті, жарқын жүзі, кірбің шалмас көңілін сағындамамыз. Арада біраз жылдар өтсе де сыныптасымыздың ардақты есімі, ақжарқын бейнесі, әзіліміз жарасып балалықтың балдәуренін өткізген сол бір сағым күндер жадымыздан өшпек емес.

Бала едік, балғын едік ойнап-күлген,
Тай-құлындай тебісіп, еркін өскен.
Тағдырға шара бар ма алыстатқан,
Орының болсыншы тек пейіштен.
Сағынышпен еске алушылар: **2018 жылғы мектеп бітірген сыныптастары.**



Оқуға шақырады

«Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорыны 2023-2024 оқу жылында:

07130100 «Электр жабдықтары»,

06120100 «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандықтары бойынша 9 сыныптық біліммен 2 жыл 10 айлық курсқа, мектептердің 9 сынып түлектерін:

08410100 «Ветеринария»,

07150500 «Дәңкерлеу ісі» мамандықтары бойынша 11 сыныптық біліммен 10 айлық курсқа, мектеп түлектері мен жұмыссыз жастарды оқуға қабылдайды.

Барлық мамандықтар бойынша оқыту мемлекеттік тапсырыс негізінде тегін жүргізіледі. Білім алушыларға 1 қыркүйек 2023 жылдан бастап 32 681 теңге, 2024 жылдан бастап 43 574 теңге шәкіртақы, сырттан келген білім алушыларға жылына 2 рет каникул уақыттарында, айлық есептік көрсеткіштің екі еселенген 6 900 теңге көлемде жолақы төленеді. Білім алушыларға колледж жатақханасынан тегін орын және екі мезгіл ыстық тамақ беріледі.

Колледж түлектеріне мемлекеттік үлгідегі диплом беріліп, мамандықтары бойынша аудан мекемелері мен кәсіпорындарына жұмысқа жолданады. Сонынан тұрақты жұмысқа орналастыру мақсатында «Жастар тәжірибесі» бағдарламасына 12 ай, «Алғашқы жұмыс орыны» бағдарламасына 18 айға дейін қатыса отырып, ай сайын 78 440 теңге еңбекақы (жәрдемақы) алуға мүмкіндік алады.

Колледждің мекен-жайы: 100200, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Нарманбет Орманбетұлы көшесі, 6. Телефон: 8(710370) 21309, 21182.

Email: aktogai_14@mail.ru.

Сайт: <http://aatk.mycollege.kz>.



Еске алу



Күндер сырғып, жылдар жылжып қадірлі де ардақты әкеміз, бір әулеттің басшысы болған **Игембаев Сәбит Аманбайұлының** өмірден өткеніне де алты жылдан асты. Егер әкеміз тірі болса асқаралы алпыс жасын тойлап, ортамызда арқа-жарқа болып отырмас па еді?! Адамның ойлағаны емес Алланың жазуы болады. Өмір өзенінің ағысы қатты, қамшының сабындай қысқа екенін ұғындық. «Қанаты бүгін сұңқар жоқ, тұяғы бүгін тұлпар жоқ» – дән жанымызды жұбаттық. Мейіріміңізді, алдымыздан күтіп алатын кең құшағыңызды, даладай дархан кең пейіліңізді сағындық. Жүрегіміз сыздап, көңілімізді мұң торлады, әке. Қанша уақыт өтсе де сағыныштың көз жасы жанардан, «шіркін-ай» деген өкініш көкіректен кетер емес.

Әкеміз туғандарына жанашыр, көрші-қолан, жолдас-тарына, әріптестеріне сыйлы болды. Біздерді оқытып, барлық адами қасиеттерді бойымызға дарытып, қолынан келген жақсылығын аямаған ардақты әкеміздің рухына басымызды иеміз. Алла әкемізді маңдайына балаларының, немерелерінің қызығын көруді жазбаған екен. Сіз көрмеген қызықты анамызға, ұрпақтарыңызға көруді Алла нәсіп етсін.

Жатқан жеріңіз жайлы, алар орныңыз пейіштің төрі болсын, жан әке. Сіздің жарқын бейнеңіз, «Асқар тау алыстаған сайын биіктейді» – дегендей, сонау биікте, біздің көңіліміздің көгінде тұрағы анық.

Еске аламыз құран оқып, бар ма шара?

Әрдайым есімізде тұлған дара.

Мәңгілік жұмақ болсын төрің сенің,

Демекпіз бір Алладан тілеп дұға.

Еске алушылар: **жұбайы – Маржан, балалары, немерелері, жиндері.**

Ақтоғай аудандық «Aqtogai ajary» газеті редакциясының ұжымы редакцияның ардагері, зейнеткер Тәжібаева Дәнияға апасы **Несібелдің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Музей ғасырлар шежіресі мен өмірдің рухани қазынасы

Тарихтан сыр шертетін сан ғасырлық мұралардың киелі ордасына айналған Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейі аудан тарихының өткені мен бүгінін байланыстырып отырған алтын көпір десек қателеспейтініміз анық. Аудан тарихынан сыр шертетін Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейі Қазақ ССР-і Министрлер Кабинетінің 7 маусым 1991 жылғы №91-р жарлығы бойынша өз алдына жеке ғылыми негіздегі музей болып құрылды. Бұрын, яғни, 1986 жылдан Жезказған облыстық өлкетану музейінің филиалы болып келген. Бұл Республикадағы 47 аудандық музейлердің ішіндегі бірден-бір жалғыз археологиялық-этнографиялық

музей. Республика бойынша археологиялық 6 музейдің бірі. Археологиялық-этнографиялық музейі болып құрылу себебі Ақтоғай ауданы көлемінде археологиялық тарихи, мәдени ескерткіштердің молдығы. Бұрынғы Одақтық дәрежеде болып келген 48 және Республикалық дәрежеде болып келген 206 ең маңызды тарихи ескерткіштердің бірі Орталық Қазақстандағы 4000 (төрт мың) жыл бұрын қола дәуірінде пайда болған Беғазы-Дөңдібай мәдениеті – осы жердің төл мәдениеті. Бұл жөнінде 1947-1949, 1952 жылдары Орталық Қазақстан ғылыми экспедициясы академик Әлкей Хаканұлы

Марғұланның басқаруымен зерттелген болатын. Осы жөнінде академик Ә.Х.Марғұлан «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» (Древняя культура Центрального Казахстана) және «Беғазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» атты еңбектері шыққан болатын. Осымен қатар Ә.Х.Марғұлан аудан территориясын аралап б.з.б. 2000 жылдық пен орта ғасыр аралығындағы өмір сүрген жергілікті халықтың ежелгі рухани өмірін көрсететін бірден-бір көне құнды мәдени ескерткіштер – таңбалы тастардың, мүсін тастардың, мұртты обалардың молдығына қайран қалған. Музейі 1991 жылдан бастап археология, этнография бөлімдері бойынша жұмыс жасап, ал 1997 жылдан бері өлкетану бөлімі қосылып, осы үш бағыт бойынша қызмет көрсетіп келеді. Музейдің археология залында музейдің бет-бейнесін көрсететін «Беғазы» жөнінде кең көлемді экспозиция құрылған. Ол музейдің айнасы іспеттес шын мәнісінде Қазақстан Стонхендиси атанып ЮНЕСКО-ның бүкіл әлемге маңызды ескерткіштер атағын алу номинациясына енгізілген Беғазы феномені бейнесін көрсетеді. Сонымен қоса, бұл жерде көшпенділердің көне ата-балалары – сақтар тұрып, өмір сүрген. Экспозициялар мен онда жинақталған экспонаттарды көріп, олардың алғашқыдағы өмір-салтын, тұрмысы мен мәдениетін көз алдына елестету қиын емес. Сондықтан да Ақтоғай өңірінің тарихы ең көне дәуірдегі адамзат тарихымен жасты. Ол дәуір бейнесін халық аңыз-ертегілері мен алғашқы қауымдық қоғам тарихы мен антропология, археология және этнография ғылымдарының қабылдаған

тұжырымдамаларынан көреміз. Ақтоғай өңірі – адамзаттың даму тарихының бірегей ошағы болып саналатын Беғазы-Дөңдібай мәдениетінің бастауы болған жер. Бұл жерде Сарыарқа мен жалпы қазақтың ұсақ шоғырларының ең биік нүктесі Ақсоран шыңы қол созым жерде тұр. Беғазы мен Қызыларай таулары үнсіз мүлгиді. Таңғажайып тарих та, ата-бабалар рухы да осы таулардың қойнауына мызғымастай бұйығып-шөккен.

Қаншама замандар өтсін, қандай құрылымдағы қоғам өз билігін жүргізсін мейлі, бұл өлке адамзат баласы басынан өткен ата жолдың құйқалы-қордалы бір бел-белесін аядай әлемге паш етумен қадірлі болып тұрады. Этнография

ауыл-ауылды аралап әнсапарлап жүргенде домбыра тартқанда төсеніш ретінде пайдаланатын кілемшесін қонақжайлығана риза болып ауылдық кеңес төрағасы Аюпов Балтабайдың жұбайы Әйменбетқызы Зейнежанға сыйға қалдырып кетіпті. Ал Ақтоғай ұстанын қайыңның дінінен ойып жасаған келі-келсабы, Ысқақ пен Әбедің қос көрігі, Мәжманның шапқан ертұрманы, Жәмила мен Күлшім тоқыған оюлы шым шилері мен Кеңестік дәуірдегі колхоз басқармасы, ауылдық кеңес төрағасы болған Алтын Сейтенованың

оюлы түс киізі, кебеже Бекпенбеттің Досымбегінің келіні Ләззаттың зерлі кимешегі, аудандағы ең қарт ана Әсияның өз қолымен тіккен қасқыр ішігі, өрімшілер Мағрүпбек пен Мәдіханның қайыстан өріп жасаған ат әбзелдері, кезінде қол өнерімен елгетанылған Жұмабекова Бибижанның қызы Райхан ұзатылғанда арнап жасаған оюлы сырғағы мен Әйнекова Шәмшидің өз қолымен басып сырған, оюлы сырғағы, Ахметова Қамаштың кестелеп өрнектеген оюлы түс киізі, Түскеев Құмардың ағаштан өрнектеліп жасалған асадалы, Түсіпбеков Мұбаракшаның күмістелген ертоқымы, сондай-ақ, ұстаз Бәкіров Сағындықтың сурет өнерімен тоқыған өрнекті шийі мен ұлттық мұраны зерттеп қалпына келтіруші зейнеткер ұстаз Гайнигден Әбдірахмановтың жанғыртқан көне қол шеберлік аспаптарының үлгілері музей қорына рухани нәр беріп, түрлендіріп тұрғандығына ризашылық білдіру парыз. Ұзатылар қызға арнап сүйекпен зерлеп, күміспен аптап жасалған Айтжанов Серіктің анасының және Жүнісов Үсенбектің әкесінің оюлы ағаш төсегі мен тастан қашалып қиюластырылып жабылған Исин Сәйдінің қолмен тартатын тас диірмені де өткен күндердің тарихи тағдыры мен тауқыметін еске түсіруге қуәлік боларлық мүліктер.

Ал ата-бабаларымыздың әуелден-ақ денсаулыққа тиімділігін ескеріп, ағаштан ойып, шауып, жонып жасаған ыдыстары: ет табақтар, қымыз тостағандар, егіз ұялы ожаулар, өрнекті ағаш құтылар да қазақилық ғұрыптың куәсіндей болып дәріптеліп сақталған. Сүйіндік Үйсінбайдың шаңырағымен Паң Нұрмағанбеттің және Түсіпбеков Садықтың киіз үйлердің керегелерімен тігілген. «Бабалар ғұмыр кешкен киіз үй» деген экспозицияға қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін ұлттық мұраларымыздың үй тұрмысындағы көне жиһаздарының үлгілері, қол өнер бұйымдары.

Бүгінде музей қорында 6000-нан астам жәдігер бар. Музей қоры жыл сайын жәдігерлермен толығуда соның ішінде «Музейге жәдігер сыйла» акциясы жыл бойы ұйымдастырылып, өз кезегінде аудан тұрғындары музейге бабадан қалған құнды мұраларын тапсырып белсенділік танытуда.

И.Игебек,

Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейінің басшы м.а.



Ақтоғай археологиялық-этнографиялық музейі

"МУЗЕЙГЕ ЖӘДІГЕР СЫЙЛА"



Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

Редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: "Ақтоғай ажары" газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: **Думан Қабыл Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үйі.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

